

ОӘЖ 101.9

АХМЕТ ИҮГІНЕКИ ПӘЛСАПАСЫ

Тұрсынжан Мерұерт

meruerttursunzhan@gmail.com

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика»
мамандығының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р. Кемербай

Орта ғасырда түркі халқының маңдайына біткен ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Иүгінекидің пәлсапасы туралы қарастырылған. Ұлы ойшылдың еңбектеріне тоқталмас бұрын пәлсапа дегеннің не екеніне тоқталып өтсем. Философия немесе қазіргі уақытта пәлсапа деп аталып жүр. Пәлсапа деген екі лексикалық компоненттен құралған пәл+сафа. «Сафа» арабтан қазаққа енген сөз – сапа. Яғни, әрбір айтылған ойдың тазалығына, ақиқаттығына терең үңілу. Пәлсапа дегенді философия деген терминнің қазақша баламасы ретінде қарастырып жүрміз. Алайда екеуі екі бөлек әлем. «Пәлсапа – әлемдік гармонияны насихаттайтын таза экологиялық жүйе» деп Ғ.Есім қарастырған болатын. Ал «Философия – жалпы және фундаменталды сауалдар туралы зерттеу болып, ол болмыс, болу, білім, құндылық, ақыл, зерде және тіл секілді өзекті проблемаларға бағытталады. Мұндай сауалдар көбінесе зерттелуді, немесе шешілуді күткен проблемалар ретінде ортаға қойылады. "Философия" термині алғаш Пифагордан (б.з.д. 570 - 495 ж.ж) басталған болуы

мүмкін. Философиялық әдістерге сауал, сыни пікірталас, ақылды аргумент және жүйелі пайымдау қатарлылар жатады [1]» - деген анықтама беріледі.

Түркі жұртына танымал, ұлы тұлғалардың бірі – Ахмед Йүгінеки (Ахмед Мұхмұдұлы Жүйнеки) – XII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген аса көрнекті ақын, есімі кезінде бүкіл ұлан ғайыр Қарахан мемлекеті түркілеріне мәшһүр ғұлама ғалым болған. Ол туралы:

Ақындардың ақыны, даналардың көш басы,

Гауһардан сөз теретін, одан ешкім озбады [2] – деген өлең жолдары сақталған.

Білімпаздығы үшін «Әдиб (оқымысты деген сөз) Ахмет» атаныпты. Қожа Ахмет Йассауидің шәкірті болған. Ол өзінің өмірін түркі халқы әдеби тілінің қалыптасуына ықпал етуге арнаған. Өзінің атақты «Хибатул-л-хақайық», яғни «Ақиқат сыйы» деген еңбегін жазды. Кітап 466 жол өлеңнен тұрады, 20 шақты тақырыптарға бөлінген. Шығарма арзу өлең өлшемімен түркі тілінде жазылған [3].

Оның ойларының бір алуаны Алла тағаланың әрқашанда бірінші орында тұратындығы туралы айтылады: «Адам дүниеге Алла мен ғылымды танып-білу үшін келеді. Жердің құпиясын білу – бақытты өмірге барар жол. 18 мың ғаламды жаратқан Жаратушыны мақтамаған жер-дүниеде ешкім жоқ. Алла жақсылықты 100 бөліктен жаратты. Оның 99-ын өзіне қалдырып, тек біреуін ғана жерге жібереді. Жер бетіндегінің бәрі Алла еркімен істелінеді. Өзіне жақынды да, алысты да — адамдардың бәрін сүй, Алланың хикметін сезіне біл».

Егер адам өздігінен ғылымға бет бұрмаса, оны қанша оқытқанмен, құмға сіңген сумен бірдей. Ешқашан біреу жайында жаман айтпа, сол кезде ешкім сен жайында жаман айтпайды. Егер өз көзіңмен көрмесең не оған толық көзің жетпесе, куәлік берме, жала жаппа. Болмаған іс жайында ешнәрсе айтпа. Бұл үлкен күнә болып саналады. Адамдар, әлеуметтік һәм басқа да жағдайларына қарамастан, құдай алдында бірдей. Адам өзінде бар нәрсеге қанағат тұтуы керек. Егер олай етпесе, біріншіден, тегін айтып, мақтана алады, екіншіден, басқа рудың өкілдерін өзінен төмен ұстауға ұмтылады, үшіншіден, ауа-райы жұлдыздарға байланысты дегенге сенеді, төртіншіден, өлген адамды көп жоқтап жылайды [2].

«Ақиқат сыйы» атты еңбегінің басты идеялары: адамның игі мінездері, достық, дүниенің өзгермелілігі, оқу, білім, еңбек, тіл. Автордың пікірінше, келер ұрпақ үшін шығармасын арнайы дайындаған. Осы тұрасында ол былай деп жазған:

«... Кейін келген жас буындар, ұрпақтар

Осыны оқып таң-тамаша болсын деп.

Махаббаты бар көңілді марқайып,

Жаздым кітап сөз асылын теріп ап,

Оқығандар бір пайдасын алсын деп...» [4. 390 б].

Шығармасында қарастырылған мәселенің бірі ретінде білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы ойларын ашып көрсетіп, оған біршама тоқталған. Қазақ халқы «білім – таусылмас қазына» деп бекер айтпаса керек. Ахмет білімге, білім алуға асығу қажеттілігі туралы ой қозғайды. Осы тұста халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «өлімнен басқасының бәріне асығу керек» деген пікірі ойға оралады. Білімді адамның өмірі бейнетсіз, бақытты болатынын былай жеткізген:

«Айтайын білім жайын, құнты бар бол,

Ей, досым, білімдіге ынтызар бол.

Ашылар білімменен бақыт жолы,

Білім ал жолға түсіп бақыт жолы» [4. 390 б].

Ғұлама білім бақытқа апаратын жол десе, өзінен жеті ғасыр кейін өмір сүрген дана

Абай

«... Дүние де өзі, мал өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

Білгендердің сөзіне

Махаббатпен ерсеңіз» – деп білімнің таусылмас байлық екенін қадап айтқан. Көріп отырғанымыздай, екі дананың ойлары бір жерден шығып отыр. Екеуі де білімнің адамның уайым-қайғысыз, бай-қуатты ғұмыр кешуінің көзі, түпсіз қазына екендігін насихаттаған. Адамзаттың дамуы осы білім, ғылым жолымен жүріп жатқандығы хақ. Заманауи жастар ғаламторға еліктеп, алтын уақыттарын соның тиімсіз тұстарын ақтарумен өткізгенше көбірек кітап оқып, дүниетанымдарын кеңейтсе Елбасының сөзімен айтқанда таусылмас капитал жинаған болар еді. «Білекті бірді жағады, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөз де Ахметке тән тәрізді. Себебі ол былай деп жазған:

«Білімді білімсіздің мыңын жеңер,
Ол біліп білім ізін, теңін теңер,
Көр байқап, оқы, сына: білім – пайда,
Білмесең – басқа не бар, сенің нең ер?» [4. 391 б].

Ахмет білім алудың қажеттілігімен қатар қараңғы болып қалудың зардабы туралы жазып, оның ауыр болатындығын былай жырлаған:

«Білмеген талай жұмыс істей жүріп,
Амал жоқ түбінде опық жейді.
Білікті біліп айтар сөзін ұтар
Ол емес бос сөзінді бедел тұтар» [4. 391 б].

«Басқа пәле – тілден» мақал қашанда өзекті болып келгені мәлім. Алайда оның бастауы Ахмед Иүгінекиге тиісті десек артық айтпаған болар едік. Адамдарға тәтті де ащы нәрсе – тіл. Жақсылық та, жамандық та тілден келеді. «Айтылған сөз атылған оқпен тең. Тіпті, бір сөз айтар алдында әбден ойлану керек...». Ойшыл тіл және соған байланысты әдеп туралы айтып өткен.

«Ақылды ма көп сөйлеген күбіне,
Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.
Оқ жарасы жазылады, бірақ та
Тіл жарасы жазылмайды: түбі не?» [4. 392 б].

Тіл мәселесін қозғай отырып ойшыл жастарға ғибрат айтқан. Тіл өзімдікі деп сөйлей бермей керектіні айтып, керексізден бас тартуға кеңес берген. Қазақ халқында «көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» деген жақсы сөз бар. Алтын-ғауһардың қымбат саналуы – олардың аздығынан. Олардың аздығы тазалығы десек, қысқа, қоспасыз, ұғымды сөз де қадірлі. Орыстың аса шебер жазушысы А. П. Чеховтың: «Қысқалық – таланттың сыңары» – деуі де сондықтан. Ғұламалар: «Көп нәрсенің қадірі болмайды» – дегенді айтуының сөйлеуге де тікелей қатысы бар. Ал, қазақтың «Көп сөйлеген я жолдасынан, я құрбысынан айрылады», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді», «Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі», «Сөз қуған бәлеге жолығады», «Жақсы сөйлесе аузынан нұр төгіледі, жаман сөйлесе аузынан жын төгіледі», «Жақсының сөзі назалы, жаманның сөзі ызалы», т.б. мақалдарды сөйлеудің алуан түрлі сипаттары тамаша бейнеленген. Әйтеуір сөйлей алады екенмін деп, қасараңдамай, абайлап сөйлеу – ақылдылық, инабаттылық белгісі. Өзің опық жеп, өкініп жүрмеу үшін, өзгенің жанына жазықсыздан жара түсірмеу үшін байқап, бағымдап сөйлеудің мәні зор [5].

Сөйлеудің қасиеті әдептілігі мен әдемілігіне қоса, сайып келгенде, шындығында, жалған айту, өтірік сөйлеу кісілікке жатпайды. Ойшыл «Өтірік сөзге бармай ақиқатты айтуды таза киім киюмен теңеген». Халық өтірікшіні жексұрын ретінде жек көре отырып, айыптайды. Жеткіншек ұрпақты: «Өтірік сөз өрге баспайды», «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді» - деп, жалған сөйлеуден жирендіріп, шындыққа үндейді. Тегінде шын сөйлеу – әдептіліктің ең негізгі белгісі. Данышпан Абай: «Адамның бес дұшпаны бар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек бекер мал шашпақ» - деп көрсетеді. Сондықтан өз пікіріңді алдымен өзің құрметте, айтылып, аяқсыз қалып қоятын сөзді айтпа.

Ойшылдың ойынша құрметке лайықты адамның бойындағы ең асыл қасиет – жомарттық. Жомарттық тұрған кезде алынбайтын асу жоқ, жылымайтын жүрек жоқ. Ойшыл ұдайы жомарттық пен сараңдықты бір-біріне қарсы қойып көрсетеді. «Ақиқат

сыйы» дастанында сондай-ақ тәкаппар, паң, өр көкірек жандарды жер-жебіріне жеткізе сынайды. Ойшыл қарапайым, момын болуға үндейді. Шығармада ақын тәкаппарлықты қарапайымдылыққа қарсы қойып суреттейді. Менмендік, өр көкіректік жақсы адамның табиғатына, мінез-құлқына мүлдем жат, адамды адамгершіліктен жұрдай қылатын қасиет деп көрсетеді. Ал қарапайымдылық – кез келген жанға жарасатын, оның бедел-мәртебесін асыра түсетін киелі қасиет ретінде бейнеленеді.

Адамның даңқын асырып, құрметке бөлейтін әрекеті оның жомарттығы деп білген. Қазақ халқы қолы ашық, жетім-жесірлерге демеуші болып жүретіндерді «Атымтай Жомарт» деп атаған. Халық ауыз әдебиеті туындыларында Жомарттықтың нағыз үлгісі ретінде Атымтайдың кең пейілділігі мен мырзалық қасиеті айтылады. Шашубай ақын “Қолда мал жоқ болғанмен көңілім бай, Байлығым, жомарттығым Атымтайдай”, – деп өзін Атымтай жомартқа теңейді. “Көңілі түскен адамға көл болу”, “астындағы атын түсіп беру” тәрізді адам бойындағы мырзалық пен мәрттік қасиеттер Жомарттықпен ұштасып жатыр. Олар қазіргі қазақ қоғамында әлі де қастерленеді. Мұндай адамдар біздің де қоғамда бар, алайда көп емес. Дегенмен дер кезінде кедей-кепшікке, кем кетікке көмекке келетін жандарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы танып, біліп жатамыз. Қайырымдылығымен қатар қатыгездігі қатар заманда жомарт адамдардың қол созуы – игі әрекет [6].

Ойшыл жомарт адамдарға пәле-жала жоламайды, кемшіліктері көрінбей қалады, сондықтан да сондай болуға асығу керек деген ойын былай жеткізген:

«Әр тілде бәрі мақтан асырады,
Айыбын жомарт жанның жасырады.
Бол жомарт – жуымайды пәлендей сөз,
Ол өзі жаман сөзді қашырады» [4. 395 б].

Жомарттықпен қатар жүретін сараңдық ешқашан жақсы абырой, атақ әкелмейтіндігін, оның жинаған байлығының берекесіздікке ұшырайтындығын ескерткен ойшылдың ойлары өз мәнін жомақ емес.

«Жинайды бақыл байлық талмай шіркін,
Қалып-ақ жаман атқа дүркін-дүркін.
Арам мал жұрт қолында таратылып,
Жөнелер өкінішпен сүйтіп бір күн» [4. 395 б].

Ойшыл жақсылық пен жамандықты айта келіп, еңбегін аяқтаған. Олардың аражігін айырып, санамызға тоқуды өзімізге қалдырған.

«Соған орай жаздым кітап, ақыма:
Қаласаң – ал, қаламасаң – оқыма!
Әдиб сөзін кім түсініп, қаласа,

Ел ішінде сыйлы болар сол аса!» [4. 401 б], – дегені соның айғағы.

Білімді, білікті мамандары бар ел тұрғындарының ұзақ жасап, бай, қуатты өмір кешіп жатқанында білім беру деңгейінің экономикалық және ғылыми техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екенін жақсы түсінеді.

Қорыта келе, Ахмет Іүгінеки бұл дүниеге келгеннен қоштасқан уақытқа дейін жарық дүниені көрмеген. Алайда оның бізге қалдырып кеткен «Ақиқат сыйы» дастаны адам өмірінде көзбен ғана жүреппен де сезіне білген уақытта өмірді толықтай түсінуге болатындығын дәлелдеп берді деп айта аламыз. Оған себеп ұлы ойшылдың бізге жеткен тек бір шығармасы. Оның өзі түпнұсқада емес көшірме түрінде үш түрі бар. Хакімнің басқа шығармалары, өкінішке орай, біздің заманымызға жетпеді. Дегенмен осы бір ғана еңбектің өзінен автордың өмірге деген көзқарасын, мән-мағынасын, адам баласына керекті қасиеттердің барлығын дастанның ішіне жазып кеткен. Жалпы алғанда А.Іүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанының негізгі ішкі мән-мағынасы, мазмұны өсиет пен ғибрат сөздерден құралғандығы туралы баршаға аян. Өткен заманымыздың мол мұрасы бүгінгі қоғамға жетуі, оның ішінде саяси ілімдер тарихы үшін үлкен табыс деп атауымызға болады. Тіл, әдебиет, тарих ғылымдары тұрғысынан жан-жақты зерттеп, оны басқа тілдерге тәржіма

жасаған белгілі түрколог-ғалымдар Нәжіп Асим, Арат Рахмат, Е.Э. Бертельс, С.Е. Малов, Қ.Махмудов, т.б. зор еңбек атқарды. Ал Ә.Құрышжанов пен Б.Сағындықов ойшылдың дастанын қазақ тіл білімі тұрғысынан зерттеп әрі оның прозалық және поэтикалық аудармаларын жасап шықты.

Ойшылдың ойлары ұрпақ тәрбиесіне аса қажет. Мектеп жасындағы оқушылардан бастап жоғары оқу орнында білім алатын жастарға арнайы тәрбиелік құрал дайындап, соның ішіне Ахметтің осы еңбегінен үзінділер енгізудің ел, оның ертеңі үшін маңызы зор. Өмірде қолданса, шынайы бақытқа жетеді. Өткенімізді білмей, тарихымызды зерттеп, зерделемей болашаққа қарай қадам баса алмаймыз. Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханов: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» деген болатын. Біздің тарихымыз, ойшылдарымыз бен даналарымыздың қалдырған мұрасы келешек ұрпақ үшін баға жетпес байлық, асыл қазына, рухани мұра.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. https://-ahmet_iugneki.html
3. Мұхатова О. (2016). Қазақстан тарихының тарихнамасы. Алматы: «Қазақ университеті».
4. Ақиқат сыйы// Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Т.10. Астана: «Фолиант». Мұхатова О. (2009).
5. Қазақ халқының философиялық мұрасы. (2005). Жиырма томдық. 3-т. Ортағасырдағы түркі ойшылдары. Астана: Аударма. 5-т.
6. Иүгінеки А. (2006). Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық мәселелері және зерттеу үлгілері. Алматы: «Қазақ университеті».